

6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындалған Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызының «Қой сүтінен өндірілетін ұлттық тағамдар технологиясының ғылыми негіздері» диссертациясына Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Зооинженерия» кафедрасының профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, отандық ғылыми жетекшісі
Омбаев Абдирахман Молданазарұлының

ПІКІРІ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстанда қой шаруашылығы саласында қой сүтін өндіру толық игерілмеген және өндірістік негізде қой сүті өнімдері өндірілмейді, сонымен қатар олардың химико-технологиялық қасиеттері толық зерттелмеген. Осы ғылыми жұмыс негізінде қой сүтіне зерттеулер жүргізіліп Болгария, Греция, Италия, Франция, Түркия және Испания мемлекеттеріндегі өңдеу тәжірибелеріне шолу жасалынды.

Сондықтанда, Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызының қой сүтін зерттеуге және оны қайта өңдеуге арналған докторлық диссертация осы өнімнің өндіріс ерекшеліктері мен қасиеттеріне жаңарту енгізетін маңызды зерттеу болып табылады, әрі өте өзекті.

Диссертациялық жұмыс 158 беттен, 38 кестеден, 7 суреттен, 124 әдебиет тізімінен және 11 қосымшадан тұрады.

Ғылыми жаңалығы. Қой сүтін өндіруге және еліміздің сүт сегментінде импорттық тәуелділіктен арылуға мүмкіндік беретін экспортқа бағдарланған ұлттық сүт өнімдерін шығаруға жағдай жасау, сүт өнімдерінің қатарын, оның ішінде дәстүрлі сүт өнімдерін қой сүті арқылы кеңейтіп, дамыту.

Зерттеудің ғылымға маңыздылығы. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылымға елеулі үлес қосады. Онда қой сүтінің құрамы мен қасиеттеріне, оны өңдеу әдістері мен ерекшеліктеріне, қой сүтінен жасалған өнімдерді өндіру технологияларына, сондай-ақ олардың биохимиялық құрамына ерекше назар аударылған. Зерттеу қой тұқымдары саулықтарының жоғары сүт өнімділігін растайды, сонымен қатар әртүрлі термиялық және балама өңдеу режимдерінің өнімнің микробиологиялық және технологиялық көрсеткіштеріне әсерін көрсетеді. Маңызды мәлімдемелер нақты, сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталып, пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ең назар аударатын жағдай диссертант осы бағыттағы әлемдік әдебиеттерге тиімді шолу жасаған.

Жұмыстың маңызды аспектісі- автор жүргізген зерттеулердің экономикалық тиімділігі, сонымен қатар өнімнің өзіндік құнын есептеу және өндірістің экономикалық негіздемесі.

Диссертацияның ішкі бірлігі. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына сәйкес келеді, мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды, барлық тараулары мен құрылысы логикалық толық байланыста, автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі кейбір

шешімдермен салыстырмалы түрде көрсетілген. Зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қағидалары жаңа болып табылады.

Диссертацияның технологиялық және экономикалық шешімдері мен қортындылары жаңа, барлық қортындылар ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды, жалпы жұмыс мақалаларда дәлелденген. Қорғауға шығарылған негізгі қағидастар жаңа, дәлелді, қолдану деңгейі кең.

Диссертация жұмысының нәтижелерін өндіріске енгізу. Диссертациялық жұмыстың өндірістік маңызы жоғары, әрі шаруашылыққа ұсыныстары жаңа болып табылады, сонымен қатар ірімшік пен йогурт өндіру үшін ашытқыны таңдау, оны өңдеу және пісу кезінде қой сүтінің құрамын өзгерту, сондай-ақ зертханалық жағдайда ашытылған сүт өнімдерін өндіру технологиясын қарастырады.

Жалпы, диссертация қой сүтін өндіру және оны қайта өңдеу саласындағы одан әрі зерттеулер үшін негіз бола алатын құнды ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері бойынша 7 ғылыми басылым жарық көрді, оның ішінде 2 мақала халықаралық Scopus деректері базасына енгізілген жарияланымдарда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетімен ұсынылған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған.


Диссертанттың жұмысқа қосқан жеке үлесі: Диссертант зерттеу жұмыстарын орындау кезінде барлық іс-шараларға өзі тікелей қатысып, әр өнімдегі қойлардан алынған мәліметтерді әдістемелік нұсқаулықтарға сай орындап, арнайы жазба журналдары мен тиіселі құжаттарына толтырып отырған. Алынған мәліметтерді толықтай статистикалық өңдеуден өткізіп, нәтижелерін диссертацияның бөлімдерінде ашып көрсеткен.

Докторант ғылыми жарияланымдарды дайындауға, рәсімдеуге, оларды отандық және шетелдік басылымдарда жариялауға ұсынуға тікелей қатысты.

Диссертант 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды жүйелі, әрі терең меңгерді.

Шешім. Құлжанова Ботагөз Оңдасынқызы 6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия PhD-докторы дәрежесіне ылайық деп санаймын.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Зооинженерия және тағам өндірісінің технологиясы» факультетінің «Зооинженерия» кафедрасының профессоры, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы



А.Омбаев

